

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша PhD докторанты Омарова Гульнара Жолдасовнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім беру мен тәрбие жұмысын қайта құруды міндеттейді. Өркениетті және дамыған қоғамға қол жеткізу қай заманда да білім беру ісін жетілдіру арқылы іске асып отырған. Қазір біздің қоғамымыздың алдында да осындай күрделі мақсат тұр.

Демек оқу-ағарту саласындағы өзекті мәселелердің бірі – оқушыны өзгелермен қоғам талабына сай қарым-қатынасқа даярлау. Шәкірттердің алған білімін өмірде қолданулары белгілі дәрежеде олардың коммуникативтік құзыреттіліктеріне байланысты болып келеді. Өйткені бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу және одан әрі оқытудың сапасы ең алдымен олардың ойлау және сөйлеу тілі деңгейлерін дамытуға байланысты туындайды. Оқушылардың қоршаған әлем мен заттар, құбылыстар туралы ұғымдары артқан сайын, соғұрлым олардың ішкі әлемі, сөздігі, тіл құндылықтарын меңгеру дағдысы кеңейе түседі. Бұл ретте оқушылардың сөздікпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор.

Докторант зерттеу жұмысында сөздікке байланысты психологиялық-педагогикалық (П.Я. Галперин, Е.А. Баринаова, М.Т. Баранов, В.А. Мызина, А.В. Прудникова, З.А. Потиха, Т.М. Пахнова, Т.В. Хачатурова), әдістемелік әдебиеттерге (С.Рахметова, Г.Уайсова, Ә.Жұмабаева, Т.Әбдікәрімова, К.Ақбаева, Т.М.Ермекбаев, Қ.Молдабеков, Г.Сәдуақас және т.б.) талдау жасау арқылы оқушылардың сөздік қорын жетілдіру жұмыстарын тіл дамытудың бір бөлігі ретінде қарастырған. Демек, диссертанттың бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру туралы зерттеу еңбегі біраз мәселенің шешімін табуға көмектеседі.

Бастауыш сыныптағы оқыту үдерісінде сөздіктерді пайдалану мәселесі осы кезге дейін арнайы зерттелген емес. Олай болса, диссертант көтеріп отырған мәселе өзекті болып табылады.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында «білік» ұғымы мен «бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» түсінігінің мәніне талдау жасалып, нақтыланған;

«сөздік «ұғымына берілген анықтамалар мен сөздік түрлері, сөздік мақала құрылымы жан-жақты талданған және оқу сөздігін түзуде басшылыққа алынатын ұстанымдар айқындалған; бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасын және 1-сыныпқа арналған «Әліппе», «Ана тілі» оқулықтарына қосымша «Менің алғашқы сөздігім», «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралдары алғаш рет дайындалып, оның тиімділігі эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелденген. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің, яғни құрылымдық және мазмұндық біртұтастығының сақталғандығын көрсетеді.

Докторант бірінші тарауын «сөздік» ұғымының психологиялық-педагогикалық, лингвистикалық категория ретінде талдануына, мәні мен құрылымына, әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларына байланысты теориялық материалдарға арнайды. Екінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік негіздеріне тоқталып, сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін дайындаған. Үшінші бөлімі бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесіне және оны жүзеге асыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысына, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың нәтижесіне арналған.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Бастауыш сынып оқушыларының сөздікті пайдалану білігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, сөздіктерді оқу үдерісінде табысты пайдалану үшін градуалдылық ұстанымын басшылыққа алу дұрыс екенін атап көрсетілген.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, жаңалығы мол, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп санаймын. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық, талданып, сараланған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасалған.

Омарова Гульнара Жолдасовнаның 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын.

Жоғарыда айтылғандарды және Омарова Гульнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор



РАСТАУЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
СӘДІС СӘДУАҚАС Т.Т. ІНІҢ БАСТЫҒЫ
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абая
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ _____